тындал отырған адам сөздік хабарламаны қабылдан және өндеп кана қоймай, оның мағынасын түсінуге тырысады. Естімейтін баланың естіп қабылдаудың дамытудың психологиялық негізіне келер болсақ, естімейтін баланың естіп сейлеу тілін қабылдау үшін керекті сенсорлық корын қарастыру қажет болады. Тотальды және толық естімеушилік өте сирек кездесетіні бәрімізге белгілі. Қөп жағдайда естімейтін балалардың қалдық есту болады. Кохлеарлы имплантация жасалғаннан кейін естімейтін баланың есту табалдырығы 1-денгейге (25 – 40 dB) жетеді /3/. Бірақ есту деңгейі нашар еститін баланың деңгейіне жетсе де, оның қабылдау деңгейі естімейтін балаға тән. Сол себепті естімейтін баланың естіп қабылдаудың дамытудың психологиялық негізін қарастыру өте маңызды. Адамның сейлеу тілін қабылдау процесі, оның механизмдерін түсінүі –әлі толық шешімін таппаган мәселе болып тұр. Сөздік ақпаратты қабылдау мәселеі ресейлік және шетелдік физиологтар, акустиктер, лингвисттер, психологиярдың зерттеу пәні болып отыр.

И.М. Соловьевтың есептеуінше, сейлеу тілін естіп қабылдаудың құру теориясы сейлеу тілінің физикалық, физиологиялық, психофизикалық және лингвистикалық факторларымен тікелей байланысты.

Сейлеу тілін естіп қабылдаудының мәні, бір қатар ғалымдардың (Фант, 1964; М.А.Сапожников, 1968; Фланаган, 1968;) ойынша, сейлеу тілін қабылдау екі деңгейден тұрады. Бірінші деңгейде фонемалар қатары қабылданады, ал екінші деңгейде фонемалар қатары тілдік бірлік ретінде сейлемеге айналады.

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, мынадай тұжырымдама жасауга болады: сейлеу тілін қабылдау фонемдік қабылдау негізінде жүзеге асатынына күмән жоқ. Сөздік ынталандырудың ерекшелігі сейлеу тілінің артикуляциялық және акустикалық жағының өзара байланысы мен өзара негізделуімен сипатталады. Дыбыстық бірліктерді қабылдаудың адам өзі сейлейтін тілдің функционалды қасиеті әсер етеді. Түсіп жаткан ақпараттар жана ма, әлде бұрынғы бар мәліметтер мен қарама – қайшылықты болып табылады ма, осыны анықтау маңызды.

Осы көзқарас маңызды болып табылады, себебі естімейтін балалардың есту қабілетінің төмендеуіне байланысты олардың сейлеу тілінің қалыптасуы арнайы жағдайда яғни қалыпты жағдайдан ерекше жолмен іске асады.

Естімейтін бала қалдық естуі арқылы сейлеу тілінің фонетикалық элементтерін қабылдау мүмкіндігі негізінен, дауыстың күші, биіктігі және ұзақтығының өзгеруіне байланысты. Естімейтін баланың естіп қабылдаудың дамыту туралы айтқанда психологиялық тұргыдан үш категорияны қарастыру қажет /2/.

Бірінші категориядағы балаларға арнайы оқыту және тәрбие алмаған мектеп жасына дейінгі балаларды жатқызамыз. Олардың сейлеу тілі қалыптаспаган және есту және кинестикалық бейнелері де жоқ, сейлеу тілін естіп қабылдау механизмі қалыптаспаган. Осы категориядағы балаларға кохлеарлы имплантация жасалғаннан кейін естіп сейлеу тілін қабылдаудың

дамыту үшін жүргізілетін түзету – педагогикалық жұмысының нәтижесі ұзак уақытқа созылады, себебі, бұл жұмыстың тиімділігі баланың есту тәжірибесінің болуына байланысты.

Екінші категориядағы балаларға ауызша сөйлеу тіліне көру–тактильді–кинестикалық негізде үйренген және өздерінің қалдық естуінің көмегімен сөйлеу тілінің элементтерін қабылдап үйренбеген. Бұл балаларда сөйлеу жүйесі қалыптасқан, оларда көру арқылы сөздік кинестикалық бейнелері құрылған, еріннен оку арқылы сөйлеу тілін көріп қабылдауы қалыптасқан, бірақ бірінші топтағы балалар сияқты есту арқылы қабылдауы мен сөйлеу тілін есту арқылы қабылдау механизмі қалыптаспаған.

Ушінші топтағы балаларға кейіннен естімей қалған балалар жатады. Есту қабілетін жоғалтканға дейін бұл балалардың сөйлеу жүйесі толығымен қалыптасқан және сөйлеу тілінің есту және кинестикалық бейнелері толық камтылған сөйлеу тілін есту арқылы қабылдау механизмі де қалыптасқан. Бұндай балаларға кохлеарлы имплантация жасалған кезде, есту қабілетін жоғалткан уақыт пен иплантация жасаған уақыт аралығы ете манызды. Өйткені кохлеарлы имплант көмегімен бұрынғы есту бейнелерін қалпына келтіру онай және тез болады.

Арнайы жаттығулар нәтижесінде қалыптасқан есту бейнелерінің қалыптасуына назар аудару керек. Бұл бейнелер сөздерге, сөз тіркестеріне, фразаларға және сондай – ақ сөйлеу тіл элементтері –морфема, фонемаларға сай болуы мүмкін. Сөздердің (сөз тіркестерінің, фразалардың) есту бейнелері жиналануы, олардың нактылығы, беріктігі, жекеленуі және жалпылануы, естімейтін баланың әртүрлі дауысты естіп жаттығуының өзі үлкен жетістік болып табылады/8/.

Бірінші категориядағы балалардың естіп қабылдауын дамыту сөйлеу тілін қалыптастыру және қоршаған орта туралы елестерін кенейту негізінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Естіп қабылдауын дамытуға арналған арнайы жаттығулармен еріннен оку арқылы ауызша сөйлеу тілін көру арқылы қабылдауды бірге жүзеге асырғанда ғана қажетті вербальды бейнелерді қалыптастыруға болады, ол өз кезегінде қалдық естуі арқылы сөздік материалды есту арқылы қабылдауға әсер етеді.

Жеткілікті сөйлеу және ақыл –ой дамуы мен ауызша сөйлеу тілін көру арқылы қабылдау тәжірибесі бар екінші категориядағы балаларда бірінші кезекте, есту вербальды бейнелерін қалыптастыру қажет.

Үшінші категориядағы балалар айтылған сөзді естіп қабылдауда спецификалық қындықтар кездеседі. Ол қындықтар имплантпен қабылданған сөздердің акустикалық құрамының өзгеруімен байланысты. Импланттың көмегімен қабылданған сөздердің бейнесі оның есінде сакталған сөздер бейнесімен сай келмейді. Сол себепті кейіннен естімей қалған бала импланттың көмегімен беріген сөздерді қабылдауы үшін арнайы жаттығулар қолдану қажет. Кез келген педагогикалық процесте балалардың белсенділігі манызды жағдай болып табылады. Бұл сондай – ақ импланттың көмегімен

ауызша сөйлеу тілін естіп қабылдауын дамыту процесіне де қатысты. Сондықтан талаптандырудың психологиялық мәселесі маңызды болып табылады /4/.

Естімейтін балаларды сөйлеу тілін тек арнағы оқыту жағдайында ғана менгереді. Естімейтін балалар сөйлеу тіліне көру арқылы қабылдауына сүйене отырып үйренеді. Олар сөйлеу тілінің интонация – ритмикалық жағын есту арқылы қабылдаш, дыбыстық еліктеу пайда болады. Осыған байланысты Ж.И.Шиф естімейтін баланың сөйлеу тілін қабылдаудың келесідей психологиялық жағдайларын көрсетті. Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу арқылы қарым – катынас жасауы әр түрлі іс әрекет кезінде қалыптасады. Сөйлеу тілінің қалыптасуы дегеніміздің өзі түрлі сөйлеу әрекеттерінің қалыптасуы (ауызша, жазбаша, дактильді) және де сөйлеу тілінің екі жағы да – импресивті (көру, есту-көру және есту арқылы қабылдауы) және экспрессивті (сөйлеу, дактильдеу, жазу) сөйлеу тілі дамиды. Сөйлеу әрекетінің барлық түрі бірге дамиды /6/.

Еститін балалармен салыстырғанда естімейтін балалардың алғашқы сөздерді қалыптасуға негіз болатын сенсорлық базасы басқаша болады. Еститін балалардың алғашқы сөздері есту арқылы қалыптасса, естімейтін балалар көру арқылы, қозғалыстарды сезіну арқылы (артикуляция, дактильдеу, жазу) қалыптасады /8/. Кестелерде жазылған сөздерді көру арқылы қабылдау(глобальды оку) жаппай қабылдау мен кестелерді танудан басталады. Басында – түсі, пішініне қарай, кейін – бірінші әріптеріне қарап ажыратады. Бірақ кохлеарлы имплантация жасалған кішкентай балалардың сөздік корын кеңейту үшін глобальды оку техникасын қолданбаймыз. Әйткені кохлеарлы имплантация жасалған балалар барлық сөздік материалды есту арқылы қабылдайды.

Естіп сөйлеу тілін дамыту Р.М.Боскис, Л.П.Назарова, Е.П.Кузьмичева және ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру Н.Ф. Слезина, Ф.Ф.Ray, А.Н.Аутаева және т.б. зерттеулері көрсеткендегі сөздік корының жиналуды сөйлеу тілінің даму деңгейін жоғарылатады. Және осы ғалымдардың зерттеулерінде, естіп қабылдауын дамытуға бағытталған арнағы жаттығулар сөйлеу тілін естіп қабылдауына қолайлы жағдай жасайды деп көрсеткен. Көрнекі сурдопедагогтар Ф.Ф.Ray және Е.П.Кузьмичеваның ойынша, естімейтін баланың сөйлеу тілін естіп қабылдауын жетілдіру жұмысының басты міндепті сөйлеу тілін естіп – көру негізінде қабылдау үшін қалдық естуін дамыту болып табылады. Сөйлеу тілін естіп – көру арқылы қабылдауға қолайлы жағдай жасау үшін келесі кезеңдер маңызды рөл атқарады /7/.

Біріншіден, көптеген естімейтін балалардың қалдық естуі яғни сөздің фонетикалық құрылымын құрайтын элементтерді қабылдау мүміндігі бар. Бұл олардың өздеріне таныс сөздер мен фразаларды тануына мүмкіндік береді; сөздің ритмикалық контуры мен интонациялық жағы балалардың қабылдауына жеңіл болады.

Екіншіден, сөздің акустикалық құрылымын ескеру керек. Сөздің

құрамындағы компоненттер – динамикасы, темпі, ауенделігі сөздің ыргактылығын қамтамасыз етеді. Сөйлеу тілінің ыргактылығының бай болуы оны қабылдауды жөнілдетеді. Ф.Ф.Раудың ойынша, есту қабілеті зақымдалған балалардың сөйлеу тілін қабылдауы үшін осы компоненттерінің болғаны маңызды деп есептегейді.

Ушіншіден, қын жағдайда (тыңдау, еріннен оку, оку) сөйлеу тілін қабылдау сейлеу жүйесінің моторлы бөлігін белсендендіреді. Қын жағдайда қалдық естүі арқылы сөйлеу тілін қабылдау балалардың аса зейін сала тыңдап, сөздің контуры бойынша қабылдауына мүмкіндік береді.

Төртіншіден, естіп сейлеу тілін қабылдауға маңызды жағдай болатын сөйлеу ортасын құру болып табылады, естімейтін балаларға кохлеарлы имплантация жасалғаннан кейін айналады адамдардың сөзін естіп қабылдауына жағдай жасау керек. Сондай – ақ естімейтін бала естіп сейлеу кезінде есту, көру және кинестикалық анализаторлар арасында функционалды байланыс қалыптасады. Сонымен катар, ауызша сөйлеу тілін қалыптастырудың полисенсорлы негізі құрылады. Ж.И.Шифтің бөліп көрсеткенідей естімейтін балаларды сөйлеу тілін менгерудің естітін балалардан ерекшелігі – сөздік материалдарын талдаудың әртүрлі кезектілігі. Естітін бала сөйлеу тілін менгере отырып, сөздің фонетикалық құрамын менгеріп, оны буындарға, кейін морфемдерге бөліп қарастыра алады /6/.

Кохлеарлы имплантацияның маңызды кезеңі – кохлеарлы имплантация жасалғаннан кейін балалардың естіп сөйлеу тілін қабылдауды қалыптастыру және дамыту бойынша түзету – педагогикалық жұмыс жүргізу. Ресейлік (И.В.Королева, О.С.Жукова, О.В.Зонтова) және шетелдік (Geers.A.E, Koch.M.E, Moog.J.S) ғалымдардың ойынша, операциядан кейінгі түзету – педагогикалық шаралардың мазмұны және ұзақтығы мыналарға байланысты:

- Баланың жасына
- Есту қабілетін жоғалтқан жасына
- Есту қабілетін жоғалту уақыты мен кохлеарлы имплантация жасау уақытының аралығы
- Баланың жеке ерекшеліктеріне.

Кохлеарлы имплантация жасалғаннан кейін балалардың естіп сөйлеу тілін қабылдауын дамытудың тиімділігіне бірнеше этиологиялық факторлар әсер етеді, (1995 жылы 15-17 мамырда Америкада өткен конференция «Балалар мен ересектерге арналған кохлеарлы имплантацияны дамыту») соның ішінде естімейшіліктің жалғасуы және естімейшіліктің басталу уақыты негізгі болып табылады. Сондай – ақ ресейлік (Л.В.Андреева, И.В.Королева, В.И.Пудов) және шетелдік (M.M.Baptista, A.G.Bell, L.Birkenshaw-Fleming, J.A.Mohammed, C.Flexer, E.Garcia, және т.б.) есту қабілетінің жоғалту уақыты, сөйлеу тілінің жағдайы, кохлеарлы имплантация жасайтын кездегі естіп сөйлеу тілін қабылдау ерекшелігіне байланысты балаларды келесі топтарға бөледі /9/:

1. Долингвальді имплантталған балалар – бұлар тұғаннан естімей қалған және сөйлеу тілі қалыптасқанға дейінгі есту қабілетін жоғалтқан балалар жатады. Бұл топқа жататын балалар арасында белгілі бір айырмашылық бар. Біріншіден, КИ жасаған уақытқа байланысты (ерте жаста, мектепке дейінгі жаста, мектеп жасында). Екіншіден, баланың ерте жасында коммуникациясының қалыптасуына қолайлы жағдайдағы жасалуы яғни есту аппаратын қолдану және ерте педагогикалық көмек көрсету. Осыған байланысты кей балаларда дамудын ерте жасында – ак, вокализацияға қарым – қатынас символы ретінде сүйену, «көзбен көз» контактін ұстая, дыбыстық реакция кезінде кезектілікті сақтау сияқты сөйлеу тілінің даму белгілері байқалады. Бірақ бұл белгілер есту бұзылысын байқай салысымен есту аппаратын тағып, ерте педагогикалық көмек көрсетілген балалардаған байқалады. Қарым – қатынастың дамуының осындай бастапқы белгілері жоқ басқа балаларда қатынас жасауға еш қатысы жоқ қозғалыс – дыбыстық реакциялары байқалады. Сонымен қатар оларда шынайы жесттер пайда болады, нәтижесінде ойлау әрекетінің сипаты өзгереді.

Сонында барлық балаларда естіп сөйлеуді қабылдау мен сөйлеудің дыбыс айту жағын дамытуды реабилитациялау кезеңінің ұзақтығы әр түрлі болады.

2. Прелингвальді имплантталған балаларға есту тәжірибесі бар және прелингвальді кезеңде есту қабілетін жоғалтқан яғни 1.5 – 5 жастағы балалар жатады. КИ жасайтын кезде олардың көбінің ауызша сөйлеу тілі қалыптасқан және оны қарым – қатынас құралы ретінде қолданады. Сондай – ак олардың ауызша сөйлеу тілінің деңгейі әртүрлі болып келеді: біреулерінде – байланыстырылған синтаксистік құрамы бар, ал баскаларында – бір – екі сөзден тұратын сөйлемі бар. Олардың кейбіреуі ерте жастан бастап есту аппаратын тағып, сурдопедагогпен тиімді дайындалған. Бұндай балалардың естіп сөйлеуді қабылдау реабилитациясының ұзақтығы естуді жоғалту уақытымен имплантация жасаған уақыт аралығының ұзақтығына байланысты. Ол аралық неғұрлым қысқа болса, естуді қалпына келтіру реабилитациясы соғұрлым қысқа болады.

3. Постлингвальды балалар – баланың сөйлеу тілінің дамуының сензитивті кезеңі аяқталғаннан кейін есту қабілеті жоғалту. Олардың мидағы есту және сөйлеу орталықтары және сөздік хабарламалардың өндеу процестері қалыптасқан және өзіндік сөйлеу тілі сақталған. Галымдардың ойынша, кохлеарлы имплантация жасалғаннан кейін бұл балаларда өз сөйлеу тілі және айналадағы адамдардың сөздерін түсінуі тез қалпына келеді /53/.

Кохлеарлы имплантты қолданудың тиімділігі бойынша кішкентай балалар кейіннен естімей қалған адамдардан кейінгі екінші орында тұр. Бірақ кейіннен естімей қалған адамдарға қарағанда кішкентай балалардың кохлеарлы импланттың қолданудың тиімділігі бірнеше факторларға байланысты.

Қорытындылай келе, кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілін тиімді дамыту үшін, алдымен, естімейтін балалардың сөйлеу тілінің

дамуының психологиялық-педагогикалық негіздерін қарастыру маңызды болып табылады. Естімейтін балалардың сөйлеу тілін менгерудің психологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып, кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілін дамыту процесін тиімді ұйымдастыруға болады. Кохлеарлы импланттлаған балалардың сөйлеу тілін тиімді дамыту үшін, естімейтін балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескерумен қатар, жоғарыда көрсетілген топтастырулар, баланың жеке ерекшеліктерін де ескеру қажет. Сонымен қатар, кохлеарлы имплантталған балалардың сөйлеу тілін дамыту процесінде, олардың сөйлеу тілін спонтанды менгеру процесіне тез өтетінін де ескеру керек.

1. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. - М., 1973.
2. Рай Ф.Ф. Устная речь глухих. - М., 1973.
3. Galgagnini – Stillhard E. Das Cochlear – Implant. Eine Herausforderung für die Hörgeradschädigtenpadagogik. – Luzern, 1994.
4. Королева И.В. Кохлеарная имплантация. – СПб., 2008.
5. Выготский Л.С. Психология. - М.: Апрель-Пресс, 2000.
6. Шиф Ж.И. Усвоение языка и развитие мышления у глухих детей.- М.: Просвещение, 1968.
7. Кузьмичева Е.П. Развитие речевого слуха у глухих. - М., 1983.
8. Аутаева А.Н. Психолого-педагогические основы формирования звукопроизношения у детей-казахов с нарушениями слуха 7-8 лет.: Автореф. ... к.п.н. – Алматы, 1996.
9. Cochlear implant rehabilitation in children and adults. Ed D. Allum. Whurr Publishers the England/ 1996.

#### Резюме

В данной статье рассмотрены психолого-педагогические основы развития речи дошкольников с нарушенным слухом.

#### Summary

The psychological and pedagogical basis for speech development of preschool children with hearing disorders are considered in this article.

## **ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖАҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

**Г.Н.Тулебиева –**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы педагогика кафедрасының  
ага оқытушысы*

Жалпы және арнайы педагогиканың өзекті мәселесінің бірі - сөйлеу тілі мәселеңі деп саналады. Бұл адам өмірінде сөйлеу тілінің маңызды ролімен байланысты. Ауызша сөйлеу тілі адамның мәдениетінің жалпы денгейінің көрсеткіші болып табылады. Ол ойды тек сауатты, нақты, логикалық түрде жеткізууды ғана емес, сонымен бірге дұрыс дыбыс айтуды талап етеді. Сондықтан, тіл арқылы толық қарым-қатынаска түсүн қамтамасыз ету үшін, балада сөздік коры бай, грамматикалық түргыдан дұрыс және дыбыс айтуы мінсіз сөйлеу тілін тәрбиелеу кажет. Ауызша сөйлеу тілі ана тілінің нормаларына сай келеді. Бірақ, кейбір жағдайда сөйлеу тілінің осы нормалардан ауытқуы байкалады. Сөйлеу тілінің ауытқуалары баланың психикалық өміріне жағымсыз әсер етеді. Барлық психикалық процесстердің және мүмкіндіктердің, тұлғаның және оның іс-әрекетінің қалыптасуы баланың ана тілін менгеруїнің тиімділігіне байланысты. С.Л. Рубинштейн сөйлеу тілі қызметтінің екі түрін колдайды: коммуникативті (хабарлама, қарым-қатынас) және магыналық, семантикалық. Кейін ол сөйлеу тілінің «бір негізгі қызметі бар, оның міндеті - қарым-қатынас құралы ретінде қызмет ету» деп тұжырымдады [1]. Сонымен, сөйлеу тілі қоғамнан тыс кезде туындауы мүмкін емес, ол қарым-қатынас үшін арналған және қарым-қатынас кезінде туындастырылған жағдайда оның әлеуметтік өнім. Әлеуметтік тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда дыбыстық сөйлеудің маңызы зор.

Сөйлеу тілі даму мәселесі, соның ішінде балалардың дыбыс айтуының дамуы жайында көптеген психологтар мен тіл мамандарының еңбектерінде жанжакты қарастырылғын. Олардың айтуы бойынша, дыбыстық тіл адам қоғамында ең алғашқы пайда болған сөйлеу тілдің формасы. Алғашқы сөздер бөлшектенбеген дыбыстық кешендерден тұратын. Олар тарихы даму процесінде дифференциалданып, нақтыланып, белгілі бір үғымға бекітілген.

Ауызша сөйлеу тілі дыбыстау арқылы жүзеге асады. Сөздің дыбыстық қабыршағы ой-іске асатын, оның материалды қабыршағы ретінде саналады. Кез келген тілдің дыбыстық құрамы алуан түрлі. Эр тілдің, соның ішінде қазақ тілінің фонетикалық құрылымының өз ерекшеліктері бар. Олар баланың сөйлеу тәжірибесі арқылы менгеріледі. Бұл баланың фонематикалық есту қабілеті даму барысында ересектер бір сөзді бірнешерет қайталау арқылы, ал бала оны қабылдау арқылы менгеріледі. Фонематикалық есту арқылы ана тілінің дыбыстарының әр түрлі ренкі ажыратылады.

Әр сөз дыбыстардың үйлесуі, байланысынан тұрады. Сөздер бір бірінен дыбыстық құрамымен ерекшеленеді. Академик Л.В. Щерба (2) «.сөйлеу

тілдің жеке дыбыстары тілдегі сөздін талдау нәтижесінде пайда болады, бұл олардың ең қысқа кескіндөрі. Оларды алғып тастау, қосу және алмастыру бұл тілде басқа сөздер тудырады немесе сөздердің мағынасын өзгертеді...» дейді Тіл дыбыстары-адамның дыбыстау мүшелерінің қызметінің жемісі. Дыбыстілдің дыбысталатын тілдің бір жақты мағынасы жоқ бірліктері. Ал олардың белгілі бір тілде қалыптасқан тіркестері мағыналы сөздерді білдіреді. Дыбыстық құрамының арқасында сөздерді бір-бірімен шатастырмай мағынасын дұрыс түсінеміз. Олай болатын болса, дыбыстар сөзді тануга қызмет етеді.

Сондыктan дыбыстар мағыналық- ажыратылуышылық роль атқарады деп тұжырымдауға болады. Ана тілінің дыбыстық құрамын толық менгермей, оның лексикалық және грамматикалық жағын дұрыс менгеру мүмкін емес.

Калыпты дамыған баланың дыбыс айтуының даму процесі жайында орыс тілінде әдебиетте жанжакты қарастырылған. Айтатын болсак, бұл мәселені толығынан А.Н. Гвоздев (3) зерттеген.. Кейінгі зерттеулерден А.Д Салахаваның (4) еңбектерін атауға болады. Балалардың сейлеу тілінің дамуында жеке көптеген айырмашылықтары болғанымен, олардың фонемаларды айту кезектілігін үйренуінде кейбір заңдылықтары бірдей болады. Аталған заңдылықтардың негізінде келесі факторлар жатыр: тілдің фонетикалық жүйесінің және балалардың дыбыстау дағдыларын менгеруінін психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктерімен сипатталады.

Қазақ тілінің дыбыстық құрылымын жүйелі түрде зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысынан басталды деп айтуға болады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық зерттеу жұмыстары А. Байтұрсыновтың атымен байланыстырылады. Қазақ тілінің дауысты және дауыссыз дыбыстарын артикуляторлы-акустикалық деңгейде жіктеу мәселесін К. Жұбанов және Г. Бегалиев қарастырган. Кейін А.С. Кенесбаев бұл жіктеуді толыктырып, жүйеледі. Қазақ тілінің фонетикасына арналған зерттеулерді Ж.Аралбаев, Туркбенбаев Н.У., А. Жұнісбек, М. Жұсіпов, т.б. еңбектерінде кездестіруге болады (5,6,7,8,9). Қазақ фонологиясында сейлеу тілінің дыбыстық жағын сипаттауының екі теориясы белгілі. Бірінші теория – акценттік-фонемді деп аталады. Бұл теория бойынша акцент қазақ тілінің дыбыстық жағының негізгі, доминантты болып табылады. Осы теорияны қолдаушысының бірі А.С. Кенесбаев (7) деп есептеледі. Ал, екінші теорияның қолдаушылары қазақ тілінің дыбыстық жағының негізгі, доминантты болып акцент емес, сингорманизм есептеледі дейді (А. Байтурсынов, А. Жұнісбек, М. Жұсіпов) (5,8). Қазақ тілінің дыбыстық жағын акценттік-фонемді сипаттауы бойыниша әр түрлі ғалымдар фонемалардың санын әр түрлі береді. Мысалы, дауысты дыбыстар тоғыздан онбірге дейін, ал дауыссыз дыбыстардың санын 23 тен 25 дейін. А. Жұнісбек, дыбыстауда уш сингармотиптің құрамына кіретін және

төрт сингармотемердің түрі бойынша ажыратылатын тоғыз сингармодыбыс белгілейді (8). М. Жұсіпов «сингармофонема» деген термин енгізді және 11 дауысты, 23 дауыссыз сингармофонемаларды және бір сингармосонантыны белгіледі (7).

Казак тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы қүрделі болып табылады. Дәстүрлі фонетикамызда дауыстылардың құрамына қатысты бірлі-жарым бөлек пікірлер болған. Атап айтқанда Е, О, Ө дауыстыларының алдында езгеше бір дыбыс кездесетіні, сондыктan да оларды дифтонгойд деп атау керектігін көрсеткен (Жұніспек A. 9). Бұл пікірді ұсынған зерттеушілер жоғарыдағы үш дауыстыны жалаң дауыстылар қатарына жатқызып, олардың артикуляциясын жалаң дауысты ретінде сипаттап отырады.

Қазақ дауыстыларын жалаң-құранды деп жіктегенде ғана дауыстылардың құрамы орнықты болып шығатының соңғы зерттеулер көрсетіп отыр (Жүнісек А., 10)

Тілімізде дауыстыларға қарағанда дауыссыз фонемалар әлдекайда көп. Окулыктарда бұлардың саны 25, енді біреулерінде 26 болып келеді. «казіргі қазақ тілі» (Лексика, фонетика) окулығында мынандай 25 дауыссыз бар деп береді: б,в,г,д,ж,з,й,қ,л,м,н,п,р,с,т,ү,һ, ф,х,ц,қ,ш,қ,ң (5). Алайда бұларды топтастырыған кезде (катаңдардың құрамына) 26 – болып шарттің еніп кеткен. «Қазақ тілінде 26 дауыссыз бар деушілер осы шарттің дыбыспен шатастырып жүр. Дұрысы шарттың дыбыс емес, шарт. Ол-созылыңқы (немесе кос) шарттың дауыссының таңбасы» дейді С. Мырзабеков (11).

Сонымен қазіргі қазақ тілінде 25 дауыссыз фонема бар. Ал орыс тілінде мұның саны- 37. Олай болатыны, орыс тілінде дауыссыздардың жуан және жіншке болып келуіне фонематикалық қасиет бар және олардың дауыстыларға ықпалы күшті болады. Алайда бұл фонематикалық қасиет орыс тілінен қазақ тіліне енген сөздерде байкалмайды, сондыктан олар басбасына (жуан-жіншке бол) фонема бола алмайды.

Азын-аулақ ерекшеліктерді ескермегенде, казақ тілі мен орыс тіліне ортақ даудысыз фонемалар - он бес: б, г, д, ж, ڙ, й, қ, л, м, н, р, п, с, т, ڦ.

Қазақ тілінде бар, орыс тілінде жоқ дауыссыздар бесеу: ғ, қ, н, у, һ.  
Қазақ тілінде бұрын болмаған, орыс тілінен енген дауыссыздар да бесеу: в, ф,  
х, ц, ч.

Осыдан, қазақ тілімен орыс тілінің айырмашылығы - олардың дыбыстық жүйесінде, сонымен қатар дауысты және дауыссыз дыбыстардың санында көрінеді. Қазақ тілінде тек осы тілге тән тоғыз дыбыс бар. Олар: ә, е, у, ү, қ, ғ, һ, н. Қазақ тілінің ез артикуляциялық базасы, фонетикалық күрьылымының ерекшеліктері бар екенін айтып кеткен жөн.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу тілі компоненттерінің жүйесінде дыбыс айтуы күрделі бұзылғанын Л.Ф. Спирова, А.В. Ястrebова, Т.Б. Филичева, т.б. авторлар дәлелдеді. Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркинаның айтуышта жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар ерте калыптасатын Г.Х.Т.Д.М.Б дыбыстарын сөзде, сөйлемде дұрыс айтпайды

және алмастырып айтады. (12,13) Ж.Т. Рахимованаң зерттеулер көрсеткендегі бұл балалардың 50% жеке дыбыстарды айтуға қиналады, дыбыстарды шатастырады немесе алмастырады (С-Ш, Р-Л, Б-П). (14) Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың дыбыс айтуы қалыптаспағаннан оларда сөз құрамындағы дыбыстық талдау мен жинақтауы толық дамымаған және оку мен жазуына тікелей әсер ететін белгілі.

ЖСТД бар қазактілді балаларың сөйлеу тілінің фонетикалық жағының қалыптаспауды олардың мектепке дайындығының көрсеткіші болып табылады және ана тілінің бағдарламасын менгеруінде қындық туғызып, келешекте жазуы мен окуына әсер етеді дейді Өмірбекова Қ.Қ., Балқыбекова В. (15).

ЖСТД қазақ тілді балаларының арасында дыбыс айтуының бұзылуы, олардың таралуы және сипатты жайында мәліметтер толығынан зерттелмеген, қазақ тілінің ерекшеліктерін сүйенген әдістемелер аз. Сонымен катар жалпы сөйлеу тілі дамымаған қазақ тілді балаларда дыбыс айтуының қалыптасуының ерекшелігін (спецификасын) анықтау мәселесі, айтылуы бұзылған дыбыстарды түзету кезектілігі қазіргі кезде толық, жеткілікті зерттеуді талаң ететін мәселенің бірі.

Осы мәселеге байланысты арнайы әдістемелік әдебиеттердегі деректерге сүйене отырып зерттеу жұмыстары жүргізді. Зерттеу жұмысының мақсаты ретінде –жалпы сөйлеу тілі дамымаған қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің фонетикалық жағын анықтау деп белгіленді. Тәжірибе Алматы қаласы, сөйлеу тілі құрделі бұзылған балаларға арналған №66 және №54 мектепке дейінгі мекемелерде өткізілді. Тәжірибеге жалпы сөйлеу тілі дамымаған 26 қатысты: ЖСТД-ның 2 деңгейіндегі - 13 бала; 3 деңгейіндегі - 13 бала қатысты.

Балалардың дыбыс айту қабілетін тексеру тапсырмалары Ресейлік Дефектология Фылыми Зерттеу Институтының логопедия секторының қызметкерлері ұсынған әдістеменің және Т.А. Фотекова, Т.В. Ахутина ұсынған сөйлеу тілі бұзылыстарын диагностикалау әдістерінің негізінде құрастырылды. Сейлеу материалы қазақ тілінің фонетикасының және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Дыбыстардың айтылуының қалпы әр баланы жеке тексеру арқылы анықталды.

Тексеруге арналған тапсырмалар баланың қалыпты жағдайда сөйлеу тілінің дыбыстарының қалыптасу заңдылығын, дыбыстың создегі позициясын ескеру арқылы іріктелді. Тексерілетін дыбыстар сөздің басында, ортасында, сонында берілген. Дыбыстың жеке, сөзде, фразада айтылуы тексерілді және баланың дыбысты өз бетімен айтуы, логопедтің артынан кайталауы бақыланды. Ең сонында сөзде катарынан келген дауыссыз дыбыстардың айтытуы тексерілді.

Дыбыс айтуының ауытқуы ретінде келесі жағдайлар есептеледі:

- дыбыстың мұлдем болмауы;
- дыбысты бұзып айтуы;
- дыбыстарды алмастырып айтуы (тұракты)

- дыбыстарды шатастырып айтуы.

Дыбыс айтуының сапасын бағалау және коррекциялық жұмыстың бағытын анықтау үшін дыбыс айтудың жеткіліксіз қалыптаскан деңгейі анықталды: өз бетінше сөйлеуінде; жеке дыбысты айту кезінде; арналы ірітеп алғынган материал негізінде (буында, сөзде, сөз тіркестерінде).

Тапсырмалар артикуляциялық моторикасын, сөздің дыбыстық және буындық құрылышының қалыптасу деңгейін, бір буыннан екінші буынға ауысу мүмкіндіктерін тексеруге бағытталған.

Жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар қазақ тілді балалардың дыбыс айтуын тексеру барысында кол жеткізген нәтижелер келесі болды: ЖСТД бар қазақ тілді балалардың арасында дыбыс айтуында жиі кездесетін түрі - дыбыстарды басқа дыбыска алмастыру екені дәлелденді. Дыбыстарды алмастыру эр дыбыс тобында кездеседі. Қазақ тіліне тән дыбыстардың алмастырып айтылуы 2 деңгейдегі балалардың 77%, ал 3 деңгейдегі - 62% -да байкалады. Накты айтатын болсак Ң дыбысын Ң дыбысына (2-ші деңг. - 61%, 3-ші деңг. 46%) және Қ-Қ дыбысына (2-ші деңг. - 38,4, 3-ші деңг. - 15,4%) алмастыру ең жиі кездесетін байкалды. Дыбыстардың ішінде жиі алмастыратын ыскырық дыбыстар болды: жалпы сөйлеу тілі дамымаудың 2-ші деңгейіндегі балалардың 62%, - 3-ші деңгейдегі балалардың 46%. Ыскырық дыбыстардың ішінде ҆ дыбысын С, Ф дыбысына, З дыбысын С (Ж) дыбысына алмастыру жиі кездесетін байкалды. Балалар ызың дыбыстардың ішінде Ш дыбысын С дыбысына, Ж дыбысын З дыбысына жиі алмастыратыны анықталды. Ал ҆ дыбысын Т немесе С дыбысына және Ш дыбысын ҆, ҇ дыбысына алмастыру сирек кездесті (Мысалы, Әділет А., Куаныш «чемодан» деген сөзді «темодан» деп айтса, Бахтияр З. осы сөзді «семодан» деп айтты).

Р дыбысын айтуында Л дыбысына алмастырылуы жиі кездеседі: 2-ші деңгейдегі балаларда 63% болса, ал 3 деңгейдегі балаларда 28% - кездеседі. Кейбір балаларда Р дыбысын У дыбысына алмастыруды да кездестіруге болады. Р дыбысын мұлдем айтальмайтын балалар 7,7% құрайды (адио - радио, ша - шар, ғашыке-ғарышкер).

Кейбір дыбыстардың айтылуы тұрақсыз екені белгілі болды. Мысалы, 3-ші деңгейдегі балаларда ызың дыбыстардың ішінде Ш дыбысы әртүрлі фонетикалық жағдайда әртүрлі айтылатыны 15, 4% балаларда байкалды (Бахтияр Қ. Ш дыбысын жеке, сөздің басында дұрыс айтса, сөздің аяғында С дыбысына алмастырып айтады: «шана», «шас»; Амир Б. өз еркімен сөйлегендегі Ш дыбысын барлық позицияларда С дыбысына алмастырып айтады «Маган кесе папам масына сатып берді». Інкәр А. Қ дыбысын сөздің ішінде П – ға, ал сөздің аяғында Т дыбысына және Б дыбысын F дыбысына алмастырып айтты: «асқабақ-аспағат». Жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар балалар арасында каппацизм (Қ дыбысын X, T, Қ дыбысына алмастыру) мен гаммацизм (Г—К, Д, Т) сирек болсада кездесті. Басқа дыбыстарды алатын болсак Б дыбысы В, Н дыбысына; В дыбысы Б, П дыбысына; Д дыбысы Т

дыбысына алмастырылып айтылады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар арасында екінші деңгейдегі 7,7% және 15,4% үшінші деңгейдегі балаларда дыбыстарды бұзып айту (тісаралық сигматизм) орын алады. Балаларда дыбыс айтуының бұзылыстарының фонологиялық түрлері басым болғаны балалардың фонематикалық түсініктерінің дұрыс дамымауына байланысты.

Сонымен, арнайы тәжірибе еткізу нәтижесінде келесі қорытынды шыгаруға болады: ЖСТД балалардың сөйлеу тілінің дыбыс айтуының бұзылуы қалыпты жағдайдың балаларда кездесетін бұзылыстардың түрлерімен бірдей (дыбыстарды алмастырып, бұзып, тұрақсыз айту және мұлдем айтпау) болғанымен, жиі кездеседі, алынған мәліметтер арнайы әдебиеттердегі ғылыми зерттеу нәтижелерін макулдайды. Дыбыс айтуының бұзылыстарының ішінде ең жиі кездесетін бұзылыс - дыбыстарды басқа дыбысқа алмастыру. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар қазак тіліне тән дыбыстарды (н-н, к-к, ө-ө) әртүрлі фонетикалық жағдайда жиі алмастырып айтады. Сонымен қатар Р дыбысының бұзылып айтылуы да орын алады.

Бірақ әлі де жалпы сөйлеу тілі дамымаған казак тілді балалармен жүргізілген түзету жұмысының аясында туындағын мәселелер жоқ емес.

1. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - М., 1959.
2. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. - Л., 1974.
3. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. - М.: АПН РСФСР, 1961.
4. Салахова А.Д. Развитие звуковой стороны речи детей: Автореф. дис... к.п.н. - М., 1972.
5. Байтұрсынов А. Тіл-құрал.- Қызылорда, 1925.
6. Арапбаев Ж.А. Вопросы казахской фонетики в трудах русских ученых // Вопросы казахской фонетики и фонологии. - Алма-Ата, 1979.
7. Кенесбаев С.К. Исследования по казахскому языкоznанию. - Алма-Ата, 1987.
8. Туркбенбаев Н.У. Сравнительная фонетика русского и казахского языка. - Алматы, 1989.
9. Джунисбеков А. Гласные казахского языка. - Алма-Ата, 1979.
10. Жұніспек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі. - Алматы, 2005.
11. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. - Алматы, 1993.
12. Спирова Л.Ф. Особенности речевого развития учащихся с тяжелыми нарушениями речи. - М., 1980.
13. Рахимова Ж.Т. Формирование предпосылок обучения языку детей 6-летнего возраста с ОНР: Автореф.дис... к.п.н. - М., 1989.
14. Өмірбекова Қ.Қ., Балқыбекова В. Состояние фонетической стороны речи детей-казахов с общим неразвитием речи. // Вопросы теории и практики психологии и педагогики. -Алматы: АГУ им.Абая, 1999.

### Резюме

В статье рассматриваются особенности фонетической стороны речи казахоязычных детей с ОНР.

### Summary

This article discusses the features of the phonetic aspects of speech children with general speech underdevelopment with the Kazakh language learning

## БАЛАЛАРДА КЕЗДЕСЕТИН АУРУХАНАДАН ТЫС ПНЕВМОНИЯ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫНЫң МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Б.А.Ералиева -

*С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,  
клиникалық фармакология кафедрасы*

Ем жүргізу кезінде антибактериалды терапия ең күрделі әдістердің бірі болып табылады. Рационалды антибактериалды терапияда жақсы жүргізілген бактериологиялық диагностиканың: көздырғыштың идентификациясын, балаларда ең жіңі пневмония шақыратын микроорганизмдер ілімін, аймакта кездесу жиілігін немесе этникалық факторды аныктауда маңызы зор. Мысалы: Болгарияда елдің солтүстік бөлігінде ауруханадан тыс пневмонияны жіңі шақыратын Streptococcus pneumoniae (64%), онтүстігінде негізгі қоздырғыш Klebsiella pneumoniae (58%) /6, 7/. Скандинавияда ауруханадан тыс пневмонияны жіңі шақыратын Streptococcus pneumoniae (72%), Африканың солтүстігінде әртүрлі штамдагы микоплазмалар (55%). Онтүстік – шығыс Азияда негізгі қоздырғыш алтындалған стафилококк болып табылады (68%) /1/.

**Мақсаты:** Откізілген зерттеулер нәтижесінде Алматы және Семей қалаларындағы балаларда кездесетін ауруханадан тыс пневмонияның қоздырғыштарына микробиологиялық сипаттама беру және тиімділік белгісі негізінде рационалды стандартты құрастыру.

Зерттеу материалдары мен тәсілдері. 1845 архивтен алынған карталар зерттелінді, 615 клиникалық, микробиологиялық, фармакокинетикалық, лабораторлы-инструменталды зерттеу, 32 эксперименталды зерттеу жүргізілді. Ауруханадан тыс пневмонияларды жіңі шақыратын микроорганизмдердің түрін және кездесу жиілігін аныктау, архивтік материалдарды жинақтауға негізделді, сондай-ақ агар әдісі, Грамм бойынша бояу, микроскопиялық әдістері бойынша жүргізілген бактериологиялық зерттеулерге де негізделді.

Зерттеуге мына материалдар колданылды (№1 кесте).

№ 1 кесте - Антибактериалды препараттарды зерттеу материалдары.

Антибиотик	Дисктегі құрамы мкг	Диск түсі	Тіркеу саны
Ампициллин	10	ақ	60119
Бензилпенициллин	6	ақ	60006
Канамицин	30	сары	64108
Гентамицин	10	ақ	64136
Цефалексин	30	ақ	66065
Цефазолин	10	ақ	66074
Эритромицин	15	кызыл	65048

**Зерттеу нәтижелері.**

Микробиологиялық мінездеме.

Ауыз қуысының, мұрын-жұтқыншак және мұрын құыстарының қалыпты флорасын зерттеп, өсіріп қарағанда көп бөлігі аутохонды, транзиторлы, облигатты микроорганизмдер үлесі құрайтыны анықталды. Кей жағдайларда сол аймақта жататын аллохтонды микроорганизмдер кездеседі. Олардың кейбіреулері ішек құрамына кіреді. Мысалға: Lactobacillus немесе Clostridium (№ 2 кесте).

№ 2 кесте - Ауыз қуысының, мұрын - жұтқыншак және мұрын қуысының қалыпты микрофлорасы.

Микроорганизм	Түрі	Бөлінген мөлшері
Семей қаласы бойынша		
St.aureus	Транзиторлы	6,8+1,2%
St.epidermidis	Облигатты	14,4+1,6%
Streptococcus pneumoniae	Транзиторлы	15,2+1,8%
Алтындалған стрептококктар	Облигатты	34,4+3,6%
Neisseria	Транзиторлы	2,1+0,5%
Clostridium	Транзиторлы	8,2+1,2%
Lactobacillus	Облигатты	4,4+ 0,5%
Haemophilus	Транзиторлы	1,4+0,7%
Бифидобактериялар	Облигатты	2,2+ 0,9%
Алматы қаласы бойынша		
St.aureus	Транзиторлы	4,5+1,6%
St.epidermidis	Облигатты	16,7+2,3%
Streptococcus pneumoniae	Транзиторлы	19,1+1,4%
Алтындалған стрептококктар	Облигатты	41,6+2,2%
Enterococcus	Транзиторлы	1,2+0,3%
Clostridium	Транзиторлы	6,1+1,8%
Lactobacillus	Облигатты	1,3+0,2%
Pseudomonas	Транзиторлы	1,1+0,003%
Бифидобактериялар	Облигатты	3,5+0,5%

- P < 0,05

Кестеден қаралғанымыздай, микроорганизмдердің түрлік құрамы калалар арасында аса ерекшелінбейді. Сандақ және сериальқ көрсеткіштер жағынан айырмашылық болғанменен, олар қандай да бір нақты қорытынды бермейді. Бірақ, микроорганизмдердің аз ғана бөлігі жай идентификацияға жатпайды. Мына анықталмаған микробтардың ценозы : псевдомонада, трепонема, кандида, микобактерия, нейсерия колониялар бөлігіне үксас келеді.

**№ 3 кесте. Микроорганизмдердің салыстырмалы мінездемесі.**

Қала	Str. Pneumoniae	Streptococcus spp.	H. Influenzae	St. aureus	Басқалары (микоплазма, моракселла, цитобактер, протей)
Семей	29,3+2,2%	58,7+1,8%	2,6+0,4%	1,1+0,08% %	0,4+0,02%
Алматы	41,3+2,2%	11,7+3,6%	9,6+1,3%	6,8+1,2%	2,5+0,7%

- P < 0,05

Халықаралық жалпы қабылдаған кесте бойынша зерттелген антибактериалды заттардың сезімталдығы: микробтардың әртүрлі антибактериалды препараттарын елтіру, диаметр дұрыстау байланысымен жүргізіледі.

**№ 4 кесте. - Микроорганизмдердің сезімталдығы.**

Антибиотик	Str. Pneumoniae	Streptococcus spp.	H. Influenzae	St. aureus
Семей				
Ампициллин	НА	НА	А	Белсенді емес
Цефазолин	А	А	А	УА
Гентамицин	Белсенді емес	Белсенді емес	НА	УА
Эритромицин	Белсенді емес	Белсенді емес	НА	А
Алматы				
Ампициллин	А	А	А	Белсенді емес
Цефазолин	А	А	А	А
Гентамицин	Белсенді емес	НА	НА	УА
Эритромицин	А	УА	НА	А

Ескерту: НА - төмен белсенділік, УА - айқын белсенділік, А – жоғары белсенділік.

Айта кететін бір жайт, антибиотиктерді зерттеу кезінде осы аурудың емінде жиі қолданылатын, барлық талаптарға сәйкес келетін препарат анықталмады. Антибиотиктердің ішінде кейбіреулері классикалық бактерия-ға қарсы емде микробқа қарсы спектр қасиетіне ие емес, ал кейбіреуі жоғары қабілеттілікке ие, ал ушіншілері еткізілетін терапияда қауіпті, басқалары қолдануға ынгайсыз немесе ауыр жағдайдағы науқастарды емдеуде жанама әсерлердің ете ауыр өтуі байқалады.

Жүргізілген зерттеу емдеу ұзактығы 7-10 күн болғанда, эмпирикалық бактерияға қарсы қолданылған емнің тиімділігі 80%-дан жоғары болғанын көрсөтті. Ол дәрілер грамм он стрептококктарға және гемофилді таяқшага сезімтал 2 ұрпактағы цефалоспориндер және ампициллин. Сондай-ақ, осындай тиімділік 2 ұрпактағы цефалоспориндерді немесе ампициллинді гентамицинмен қосып бергенде байқалды.

Макролидтерді тағайындағанда ем тиімділігі 60% болды. Бұл макролидтердің *H. Influenze* -ге сезімталдыры төмен екенине байланысты. Бірақ, бұл жағдай ауруханадан тыс пневмонияны емдеу кезінде тиімділігі 90%-дан жоғары болған азитромицинге байланысты емес. Азитромицин стрептококктарға және *H. Influenze* -ге, *Moraxella*-ға сезімтал болып шықты.

Жүргізілген емнің қауісіздігіне келсек, қауісіз болып ампициллин инъекция түрінде, 2 ұрпактағы цефалоспориндер, ауыз арқылы қолданылатын және инъекция түрінде және азитромицин анықталды.

Бактерияға қарсы емнін үнемділігін айтсақ, ен үнемді болып, ауыз арқылы қолданылатын 2 ұрпактағы цефалоспориндер және жаңа макролидтер табылды. Емнің бағасын бағалағанда, ампициллинме гентамицинде қосып бергенде ауыз арқылы қолданылатын 2 ұрпактағы цефалоспориндерге немесе азитромицинге ауыстырғанда, емдеу бағасы 1,5-1,8 есеге азайғаны байқалды.

Бірақ, антибиотиктерапияның ұсынылған қолайлы сызба нұсқаларында емдеудің 10-20% нәтижесіз болатынын есте ұстай керек. Бұндай жағдайда: үйде дамыған пневмонияны ауруханадан тыс пневмония деп емес, “нозокомиалды пневмония” деп атаған дұрыс болады. Өйткені, осы ауруды шақыратын микроорганизмдер қатарына грамм “+” стрептококктар, гемофилді таяқшалар және моракселлалар жатпайды екен, сондықтан осындай пневмонияны емдеу үшін бактерияға қарсы емнің жаңа стандартын ойлаң табу қажет болды.

Балалардың ауруханадан тыс пневмониясын емдеуде бактерияға қарсы емнің келесі кестесі ұсынылады.

Таңдау препараттары:

Цефалоспориннің 2 ұрпағы, амоксикилав, ампициллин/сульбактам.

Алтернативті препараттар: жаңа макролидтер.

Резервтегі препараттар:

Ампициллин+гентамицин, цефазолин немесе цефамандол+гентамицин.

Есте сақтау керек: фторхинолондар немесе цефалоспориндердің 3-4

ұрпағы эмпирикалық антибиотикотерапияның бастапқы сатысынан алынып тасталу керек, өйткені фторхиналондар күшті қылышу сәйкестілігіне ие және кезекшілік дәрігерлер практикасында, өзіндік емдеуде кеңінен қолданылады. Қөшілік жағдайда доза режимінде қате кетіп жатады(78,7+/-2,8) ( $P<0,05$ ), аз уақытқа тағайындауды немесе емді жалғастырады. Сонымен қатар бұл препараттар бактерияға карсы ем кезінде аса күшті жанама әсерлерге ие.

1. Страчунский Л.С. Практическое руководство по антиинфекционной антибиотикотерапии. – М., - 200. - 423с.
2. Таточенко В.К., Катосова Л.К. Этиология и лечение пневмонии у детей. // Антибиотики и химиотерапия. -1999. - № 44.
3. Холодов Л.Е. Клиническая фармакокинетика. – М.: Медицина, 1985. - 463с.
4. Выделение, идентификация и определение чувствительности к антибиотикам *Streptococcus pneumoniae*: Методические рекомендации. / Под ред. Л.С. Страчунского // Клиническая микробиология и антимикробная химиотерапия // – 2000. - №1. – Т2. – С. 88 – 98.
5. Определение чувствительности микроорганизмов к антибактериальным препаратам ( Методические указания МУК4.2.1890 - 04) // Клиническая микробиология и антимикробная химиотерапия. – 2004. - №4. – Т-б. – С 306 – 359.
6. Поникаровская Л.А. Значения *Streptococcus pneumoniae* в этиологическом спектре амбулаторных внебольничных и его чувствительность к антибактериальным препаратам.// Бюллетень СО РАМН – 2006. -№4 (122).
7. Яковлев С.В. Антимикробная химиотерапия. – М.: АО «Фармарус», 1997. – 188 с.
8. Современные клинические рекомендации по антимикробной терапии. Выпуск 2. - Смоленск: МАКМАХ, 2007. - 608 с.
9. M.Ostapchuk. D.M. Roberts. Haddy R. Communityacquired pneumonia in infants and children. Am Fam Phys 2004. 70, 889-908.

### Резюме

Проведенный анализ показал, что эффективность эмпирической антибиотикотерапии достигала больше 80% при продолжительности курса лечения 7-10 суток теми антибиотиками, в чей спектр входили грамположительные стрептококки и гемофильная палочка. Ими оказались цефалоспорины 2 поколения, а также амоксициллин. Кроме того, аналогичную эффективность имели комбинации цефалоспоринов 2 поколения или ампициллина с гентамицином. В отношении безопасности проводимой терапии, наиболее безопасными оказались назначения инъекционных ампициллина, цефалоспоринов 2 поколения, пероральных цефалоспоринов 2

поколения и азитромицина. Но поскольку решить, что же на самом деле происходит при пероральном приеме - побочный эффект или что - то другое очень трудно без специального исследования, то все - таки предпочтительно оставаться на инъекционном пути введения.

### Summary

The carried out analysis has shown, that efficiency empirical antibioticotherapy reached more than 80 % at duration of course of treatment by 7-10 those antibiotics, into whose spectrum entered grampositive streptococci and H. influence. They had appeared cephalosporines 2 generations, and also amoksiclav. Besides, combinations cephalosporines 2 generations or ampicillin with gentamycin had similar efficiency. At appointment of macroleads efficiency of therapy has made about 60 %. It has appeared is connected by that macroleads have appeared are ineffective concerning H.influenze. However it has not affected efficiency azitromicine which has made at treatment a pneumonia more than 90 %. The preparation has appeared is active in the relation as streptococci and H. influence, so concerning Moraxella.

## ОЦЕНКА УРОВНЯ СФОРМИРОВАННОСТИ ЛЕКСИЧЕСКОЙ СТОРОНЫ РЕЧИ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ

О.Маслич -

магистрантка I курса

Института магистратуры и докторантуры PhD

КазНПУ имени Абая,

научный руководитель Г.М.Коржова -

к.п.н., профессор

В современном обществе речь является важным средством в формировании межличностной коммуникации. Общение, приобретая черты коммуникативной деятельности, оформляется в наиболее мощный социальный фактор становления личности ребенка. Общаюсь с окружающими, ребенок приобретает опыт формирования отношений, который в свою очередь, определяет базу для самопознания и самооценки, для развития мотивационных структур социального поведения.

Еще Л.С. Выготский обращал внимание на то, что любой дефект, ограничивая ребенка в общении с окружающим миром, мешает ему овладеть культурой, социальным опытом человечества. Это в полной мере можно отнести к детям с общим недоразвитием речи (ОНР). Наряду с нарушением звукопроизношения и грамматического строя речи, дети с ОНР испытывают трудности в общении в связи с ограниченностью словарного запаса. Бедность

словаря мешает полноценному общению, а, следовательно, препятствует и общему развитию ребенка. И напротив, богатство словаря является признаком хорошо развитой речи и показателем высокого уровня интеллектуального развития. Своевременное формирование словаря – один из важнейших факторов полноценного речевого развития.

Изучением особенностей лексической стороны речи детей с ОНР занимались такие авторы как Левина Р.Е., Лалаева Р.И., Филичева Т.Б., Спирова Л.Ф., Кроткова А.В., Коновалова С.Н. и др./1-6/

Категория учащихся с недоразвитием речи характеризуется системным нарушением всех компонентов речевой деятельности,искажением фонетического аспекта речи, несовершенством и аграмматичностью используемых языковых средств, бедностью активного словаря, несформированностью монологической речи. Общее недоразвитие речи может быть взаимообусловлено такими факторами речевой патологии органического генеза, как моторная и сенсорная алалия, дизартрия, стертая форма дизартрии, ринолалия.

Цель настоящей статьи заключается в раскрытии уровня сформированности лексической стороны речи у детей младшего школьного возраста с ОНР. Нами изучался словарный запас учащихся 2 класса с ОНР 3 уровня школы для детей с тяжелыми нарушениями речи.

Для оценки качественных и количественных показателей уровня лексического развития учащихся нами была использована методика М.А. Поваляевой.

Параметрами оценки уровня лексического развития послужили: умение классифицировать понятия, подбирать антонимы и синонимы к заданным словам, а также определения.

Учащимся был предложен ряд заданий. Для определения умения классифицировать понятия использовались 30 картинок с изображением животных, одежды, обуви, игрушек, фруктов, овощей.

Экспериментатор называл понятие, обозначающее группу картинок и просил испытуемого дать более подробное определение понятия, а затем отобрать соответствующие картинки. Например, подобрать картинки с изображением животных.

Критериями оценки служило число правильно отобранных картинок, каждый верный выбор оценивался 1 баллом, неверный выбор – 0 баллов.

Умение подбирать антонимы проводилось в ходе игры «Скажи наоборот». Ребенку предлагалось поиграть в слова и подобрать к названному слово, противоположное по значению. Всего предъявлялось 10 слов (например: грустный – веселый, молодой – старый, тонкий – толстый, трусливый – смелый, высоко – низко, далеко – близко, смеяться – плакать, бежать – стоять, разговаривать – молчать)

Проверялось умение подбирать синонимы к заданным словам, для этого использовалась игра «Скажи по-другому». Ребенку предлагалось

подобрать к названному слово, близкое по значению. Всего предъявлялось 10 слов (хмурый, веселый, старый, большой, трусливый, идти, бежать, разговаривать, смеяться, плакать).

Оценивание результатов во 2 и 3 заданиях производилось по следующим критериям: подобранное слово является синонимом названному – 1 балл, не соответствует семантическому полю – 0 баллов; высшая оценка – 10 баллов;

Аналогично вышеперечисленным заданиям проверялось и умение подбирать определения к заданным словам. Обследование проводилось в форме игры в слова. Ребенку предлагалось придумать к названному слову как можно больше определений. Предъявлялось 5 слов: яблоко, мяч, дерево, собака, человек. (например, дерево. Какое оно? Как про него можно сказать еще? Каким оно может быть?).

Критериями оценки служило умение подбирать определения, семантически соответствующие заданному слову. Если придумано более 3 слов, семантически соответствующих названному, то результат оценивался в 2 балла; менее 3 слов – 1 балл; если ответ не соответствовал семантическому полю слова – 0 баллов. Высшая оценка 10 баллов.

Анализ результатов исследования позволил выделить три уровня лексического развития у детей. Критериями послужили самостоятельность и точность выполнения заданий, количество набранных баллов, соответствующих заданным параметрам.

Высокий уровень предполагал выполнение детьми заданий точно и самостоятельно. Дети понимали задания. Результаты выполнения в большинстве заданий соответствовали заданному образцу. К высокому уровню были отнесены дети, которые смогли правильно выполнить большее количество заданий без помощи экспериментатора.

Средний уровень: задания в основном выполнялись точно, если допускались отдельные ошибки, то при привлечении к ним внимания, ошибки замечались детьми и самостоятельно устраивались. К среднему уровню были отнесены дети, набравшие от 35 до 50 баллов.

Низкий уровень выполнения заданий характеризовался неправильным выполнением задания. Результат работы не соответствовал требованиям или был ошибочен. Самостоятельно ошибки не замечались и не исправлялись детьми. Дети не пользовались помощью экспериментатора. К низкому уровню мы отнесли детей, которые набрали менее 35 баллов.

Распределение детей по уровням лексического развития представлено в Таблице .

Таблица 1 - Уровни лексического развития.

Уровень	%
Высокий	10
Средний	80
Низкий	10

Как видно из таблицы, наибольшее число испытуемых по лексическому развитию вошло в группу со средним уровнем ( 80%)

